



БАР ҮМІТІМ –
ПРЕЗИДЕНТТЕ!

4-бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

САЙЛАУ – БӘСЕКЕГЕ САЙ, ЕРІКТІ БОЛҒАНДА ҒАНА БАҒАЛЫ



Сайлау – зайырлы, құқықтық мемлекеттегі әділ таңдау жасаудың кепілі. Сайлау арқылы республика азаматтары өзінің пікірін, қолдауын білдіреді. Еліміздің бас құжаты Конституцияда мемлекеттік билікті ұйымдастырудың негізгі қағидаты ретінде ерікті сайлау бекітіліп, сол мемлекеттік биліктің бірден-бір көзі – халық екені көрсетілген.

Сайлау – бәсекеге сай, ерікті болғанда ғана бағалы. Сайлауға түскендердің барлығының сөз, жиналыс, қозғалыс бостандығына, олардың саяси көзқарастарының естілуі үшін және олар сайлаушыларға балама кандидаттарды ұсына алуы үшін қажеттінің барлығын пай-

далануына кепілдік берілуі тиіс. Қазақстан беделді халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі болғандықтан, өзі қабылдаған ерікті және бәсекелі сайлау өткізу жөніндегі барлық міндеттемелерді ұстануға, заңдылықты бұзбауға тиіс. Талаптардың бұзылмауын,

заңдылықтың сақталуын еліміздегі ерікті бақылаушылардан бөлек, халықаралық бақылаушылардың да қадағалап отыратынын естен шығармауымыз керек.

(Соңы 2-бетте)



ТЕМІР ТОРҒА
ТЕЛМІРГЕН ТАҒДЫРЛАР

6-бет

БАҒДАР

«ТӨЛЕБИДІҢ» ТАБИҒАТЫ ТУРИЗМГЕ СҰРАНЫП ТҰР

Бүгінде туризм көптеген мемлекеттің басты табыс көзіне айналған. Өйткені, «Атың барда жер таны, желіп жүріп...» деген қағиданы ұстанушылар көбейді. Саяхатты ұнатушылардың артуы туризм саласының дамуына ықпал етіп отыр. Қазақстан да туристерден кенде емес. Кең байтақ жазиралы даламыз, тарихи, мәдени ескерткіштеріміз, таулы, нулы өлкеміз бен шөл, қыраттарымызды тамашалап, демалушылар көп.



Қазіргі таңда туризмді дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағыты. Соңғы жылдары туризм әлемдегі ең табысты бизнестің біріне айналып үлгерді.

Туризм саласының жылдан-жылға маңызы артып, халықаралық байланыста және валюталық түсім көзі ретінде көп мемлекеттер аталмыш салаға баса көңіл

бөлуде. Міне, сондықтан Қазақстан туризм саласын дамытуға ерекше назар аударып, еліміздің туристік әлеуетін қуаттандыру үшін нақты шараларды жүзеге асыруға тырысуда. Алдағы уақытта Қазақстанды бес аумақтық кластер бойынша дамыту көзделген. Атап айтқанда: Астана мен Алматыны – іскерлік туризмнің, Шығыс Қазақстанды – экологиялық туризмнің, Түркістан облысын – мәдени туризмнің, Батыс Қазақстанды – жағажай туризмнің орталығы ретінде өркендету көзделген.

Түркістан облысындағы табиғаты ерекше Төле би ауданы туризмді дамытуға қолайлы өңірлердің бірі. Себебі, мұнда іздегенінің бәрі табылады. Тамаша табиғат, таза ауа, тау бөктері, арқыраған өзен, өсімдіктер мен жануарларға бай шатқалдар. Туристерді өзіне магнитше тартатыны да осы Төле би ауданының тұмса табиғаты. Осындай әсем жаратылысты аудан әкімдігі ұтымды пайдаланып, туризмді дамытуда ауқымды шаралар атқарып келеді. Өмір сүруге өте қолайлы аймақта тіпті, туризмді дамытуға мемлекеттік деңгейде мән берілуде.

Ауданда жүзеге асырылуы тиіс ірі жоба деп «Қасқасу» тау-шаңғы курортын атауға болады. Мұндағы тау жоталары мен қыраттардың салқын самалы, қарлы шыңдары дәл осы шаңғы базасын құруға сұранып-ақ тұр. Аталмыш жоба Қазақстанда туризмді дамыту жөніндегі 2019–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында «Қазақстанның туристік картасы» ТОП – 50 нысанының тізіміне, сондай-ақ, Түркістан облысын дамытудың 2019–2024 жылдарға арналған кешенді жоспарына енгізілген.

Демалыс орнының жалпы аумағы 280 гектарға жоспарланып отыр. Мұнда аспалы жолдар, қонақ үйлер салынады. Осының бәріне 24,6 миллиард теңге жұмсалмақ.

(Соңы 3-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Дархан МЫҢБАЙ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

«ЖАСТАРҒА ИЕ БОЛА АЛМАСАҚ, МЕМЛЕКЕТКЕ ДЕ ИЕ БОЛА АЛМАЙМЫЗ»

– Жақында Президент шешімімен Республика күні қайта мерекелер тізбесіне қосылды. Елдің жағдайы бүгінгідей ауыр боп тұрған кезеңде бұл қаншалықты дұрыс шешім? Мұның астарында не бар? Жалпы, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу үшін қандай шаралар қарастырылуда? Өз тараптарыңыздан қандай ұсыныс-пікірлер айтып жатырсыздар?

– Өздеріңізге белгілі, Республика күнін ұлттық мереке ретінде қайта түлету туралы ұсыныс Ұлттық құрылтай болған кезде айтылды. Тарихи тұрғыдан алғанда шындығында, Республика күнінің жарияланғаны сол күн болатын. Одан соң тәуелсіздік туралы декларация қабылданды. Меніңше, кейбір замандастар айтып жүргендей, ел өміріндегі айтулы оқиғаларды бірден өмірімізден сызып тастауға болмайды.

(Соңы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

САЙЛАУ – БӘСЕКЕГЕ САЙ, ЕРІКТІ БОЛҒАНДА ҒАНА БАҒАЛЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысын сайлау және ҚР Парламентін, сондай-ақ, жергілікті өкілді органдарды құру біздің елімізде ұлттық заңнамаларды басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады. Сайлау 1948 жылы қабылданған Жалпыға бірдей адам құқығы декларациясына, 1966 жылы қабылданған Халықаралық азаматтық және саяси құқықтар туралы пактіге, Еуропалық адам құқығы мен негізгі бостандықты қорғау туралы конвенциясына 1952 жылғы №1 Хаттамасына, 1990 жылғы ЕҚЫҰ-ның Копенгаген кеңесінің құжатына енгізілген демократиялық сайлаудың жалпыға танымал принциптеріне сәйкес ашықтық және жариялылық жағдайларында өтеді. Бұдан бөлек маңызды шараны өткізу тәртібі 1995 жылғы қыркүйекте қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау

туралы» конституциялық заңға сәйкес реттелген. Бұл құжаттардың негізгі қағидасына сай республика азаматтарының сайлауға қатысуы ерікті. Азаматты сайлауға қатысуға немесе қатыспауға мәжбүрлеуге, сондай-ақ, оның еркін білдіруді шектеуге ешкімнің де құқығы жоқ.

Міне, Қазақстан халқы тағы да ерекше таңдау жасау алдында тұр. Бұл жолы ел тұрғындары сайлау арқылы Қазақстан Республикасының Президенттігіне үміткерлер арасынан лайықтысын іріктеу құзырына ие.

Ел үшін маңызды шара талапқа сай өту үшін қажетті шарттардың бәрі жасалады. Ал сайлаудың әділ өтуіне, өз деңгейінде жүргізілуіне кедергі келтіргендер Қылмыстық кодекске сәйкес жауаптылыққа тартылады. Қылмыстық кодекстің 150-бабында сайлау құқықтарын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі

жасағандарға жаза белгіленген. Осы баптың 1-бөлімінде дәйектелгендей, азаматтың өзінің сайлау құқықтарын немесе референдумға қатысу құқығын еркін жүзеге асыруына кедергі жасағандарға жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына тартылып, не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстар белгіленеді. Яғни, біздің елімізде еркін сайлау әрекетіне тосқауыл жасағандарға берілетін жаза қатаң.

Сондай-ақ, сайлау жұмысының дұрыс ұйымдастырылуы, дауыстарды санауға қатысты сұрақтар да қоғамда жиі туындайды. Мұндай құқықбұзушылықтың орын алуы жалпы сайлаудың таза өткеніне қатысты күмәнді көбейтеді. Сондықтан, сайлау комиссияларының немесе референдум комиссияларының жұмысына заңсыз араласқандарға, дауыс беруге, канди-

даты, партиялық тізімдерді тіркеуге кедергі келтіргендерге, дауыстарды санауға және сайлаудағы немесе референдумдағы дауыс беру нәтижелерін айқындауға байланысты міндеттердің өз мәнінде жүргізілуіне кедергі келтіргендер жазасыз қалмайды. Қылмыстық кодекстің 150-бабы, 1-1-бөлігіне сәйкес мұндай құқықбұзушылыққа жол бергендерге 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы қолданылады.

Заңнамадағы жазаның жоғарылығы – елде әділ сайлау өткізуге деген мақсатты принциптен туындағаны анық. Ал әділдік басты орында тұрғандықтан сайлауды параға сатып алумен, алдаумен, күш қолданумен не оны қолдану кәтерін төндірумен жүргізу, сайлау кезінде өзінің лауазымдық жағдайын немесе қызмет бабын пайдалану, электрондық сайлау жүйесі жұмыс істеуінің белгіленген тәртібін бұзу жолымен жасалған іс-әрекеттер үшін де жауаптылық белгіленіп отыр. Қылмыстық кодекстің 150-бабына сай мұндай қылмыстық әрекеттер үшін 4 мың АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салынып, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына тарту, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

Сайлау құжаттарын, референдум құжаттарын бұрмалау немесе дауыстар-

ды дұрыс есептегендерге қатысты жауаптылық Қылмыстық кодекстің 151-бабында көрсетілген. Сайлау құжаттарын немесе референдум құжаттарын бұрмалау, бюллетеньдерге немесе қол қойылған парақтарға жалған жазбалар енгізу, дауыстарды көрнеу дұрыс есептемеу не сайлаудың нәтижелерін немесе референдум қорытындыларын көрнеу дұрыс айқындамау әрекетін ҚР Президентіне кандидаттың сенім білдірілген адамы, сол сияқты сайлау комиссиясының мүшесі жасайтын болса, мұндай тұлғаны белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, 4 мың АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады.

Міне, осыдан көріп тұрғанымыздай біздің елімізде сайлау тәртібін бұзғандарға белгіленетін жаза айтарлықтай қатаң. Дегенмен, азаматтық қоғам белсенді болып, тұрғындар сайлауда кемшіліктің, заңбұзушылықтың орын алмауына мүдделілік танытса Президент сайлауы да өз деңгейінде өтеріне сенім мол.

С.БАЙБОЛОВ,
Жетісу аудандық №2 сотының
төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТАЛҚЫ

Сайлау – үлкен дода. Оның әділ өтуі баршамыздың белсенділігімізге байланысты. Халық өз таңдауы арқылы тарихты өзгертетінін түсінуі керек. Осындай сындарлы сәтте нені ескерген дұрыс? Қандай мәселе назардан тыс қалды? Сауалды мамандарға қойған әділ.



Азиз ИСКАКОВ,
«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының директоры

ДОДАДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ ЗОР

Біздің жас отандастарымыз еліміздегі саяси өмірге де, көршілес елдерде болып жатқан процестерге де өте белсенді қызығушылық танытады – бұл біздің әлеуметтану зерттеулеріміздің нәтижесінен туындайды. Біздің орталық жастардың әлеуметтік әл-ауқаты туралы жыл сайынғы Ұлттық баяндамаларды дайындау аясында жастардың азаматтық және саяси істерге қатысуын

Біздің жас отандастарымыз еліміздегі саяси өмірге де, көршілес елдерде болып жатқан процестерге де өте белсенді қызығушылық танытады – бұл біздің әлеуметтану зерттеулеріміздің нәтижесінен туындайды. Біздің орталық жастардың әлеуметтік әл-ауқаты туралы жыл сайынғы Ұлттық баяндамаларды дайындау аясында жастардың азаматтық және саяси істерге қатысуын



Нүркен АЙТЫМБЕТОВ,
ҚР БҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институтының жетекші ғылыми қызметкері,
PhD докторы

САЯСИ ЖҮЙЕНІ ТҮБЕГЕЙЛІ ЖАҢАҚАТАТЫН БАСТАМА

тың идея мен сындарлы көзқарасқа толы, саяси жүйенің уақыт талабына сай бәсекеге қабілетін арттыратын, өздерінің жаңа сайлауалды бағдарламасын ұсына алатын жаңа саяси партиялар келеді деп күтілген болатын.

Еліміздегі белсенділер мен партиялар жұмысын жандандыруға сайлау науқанына дайындықтан артық ештеңе серпін бере алмай анық. Халықаралық нормаларға сай өткізілген әділ сайлау демократияның нақты өлшемі, саяси жүйеге сенімнің нақты көрсеткіші екені белгілі. Шын мәнінде, жыл басынан бері қарай еліміздегі саяси өмір алаңына жан бітіп, қыза түскеніне бәріміз куәгер болдық. Пар-

тияларға қойылатын талаптар жеңілдетілгеннен кейін қоғамдық қозғалыстар саяси партияға айналуға бастама көтере бастады. Ал жекелеген танымал белсенді тұлғалар өз алдына жаңа партия жасақтауға тырысты.

Қоғамдық сенім – күрделі әлеуметтік құбылыс екені рас. Ал, сайлау – қоғамдық сенімнің деңгейін, халықтың саяси мәдениеті мен қоғамдық келісімінің ерекше үлгісін көрсететін саяси алаң деп айтуға болады. Халық өз таңдау дауыс беретін кандидатқа сенім артады. Сондықтан әрбір қазақстандық сайлауға белсенді қатысып, өзінің азаматтық таңдауын жасайды деп ойлаймын. Дегенмен, халықтың сенімі

сайлаудың қалай өтетініне тікелей байланысты. Онсыз да соңғы отыз жылда халықтың сайлауға сенімі өте әлсіреп төмендеп кеткені анық.

Егер шын мәнінде «Жаңа Қазақстан» құрамыз десек, ескі сарқыншақтардан арылып, демократиялық қағидаттарға негізделген әділ сайлау өткізуге бір табан жақындау керек. Жалпы, кезектен тыс өткелі отырған Президент сайлауы – бүкіл қазақстандық қоғамды топтастыруға, жауапкершілік танытуға, демократия, заңдылық пен құқықтық тәртіп қағидаттарына адал болуға, қазақстандықтардың ынтымақтас-тығы мен бірлігін паш етуге шақырады деп сенеміз.

Омарәлі ӘДІЛБЕКҰЛЫ,
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Алматы қалалық филиалының жетекшісі

СЫНДАРЛЫ СӘТ

Жыл сайын қыркүйек айында елімізде саяси додалар қыза түсетін, биыл тіпті де ерекше есте қалды. Президент жаңа жолдауында: «Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Сондықтан мен өкілеттік мерзімімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын», – деп ешкім күтпеген мәлімдеме жариялады. Сырт көзге жаратылысынан биязы, жұмсақ кісі құсап көрінетін кәсіби дипломаттың мынадай тосын, батыл жүріс жасайтынын ешкім де ойлап, қиялдап көрмеген сияқты. Мүдделі кландар дағдарып қалды. Онсыз да бастары қосылмайтын оппозиция сасып, тіпті шашырап кетті. Бұл бір болса, мұның алдында «төртінші кантар оқиғасында» байлық пен билікке бөккен, әрі құнығып кетіп, сол үшін монархия құруға ниеттенген қасқойлардың бопсасына шыдап, жолын кесіп, барлық жауапкершілікті өзіне ала отырып, тосын да катерлі шешім қабылдап, елімізді 1979 жылғы Ирандағы жағдайдың қайталануынан, Ауғанстанның аяғын құшудан сақтап қалды. Көрші елдердің Президенттері сияқты қара басын алып қашпай, өркениеттің дамуына, өзі бастаған саяси реформаның жалғасуына кепіл болды. Бұл екі деңіз. Командасы қалыптаспаған әлсіз дипломатты қалпақпен ұрып аламыз дегендер оңбай қателесті.

Саяси құғын-сүргінге репрессия, аштыққа ұласып, халқының үштен екісінен айырылған Қазақ өткен ғасырдың соңында отыз жылда әрең еңсесін тіктеп, жоғалтқан ділін, дінін, тілін тауып, көк байрағын желбіретіп, жетекші ұлт ретінде мемлекеттің жетпіс пайызын құрап, өткенге салауат айтып, жер ауып келген өзге ұлт пен ұлыстарды бауырына

басқанда, кең байтақ территориясы мен қазба байлығы, стратегиялық орны айналасындағы мысыктілеулілердің көзін құрты болып, геосаяси ойынның ошағына айналып кете жаздады. «Сақтансаң – сақтаймын» дегендей Құдай сақтады! Элитамыз бірікті. Халқымыз бар ауырлықты қайыспай көтеріп, іргесін бекітті.

Осы бірліктің, берекенің арқасында бүкіл христиан әлемі аузына қараған Рим Папасы елімізге сапарлап келіп, домбыраның екі ішегіндей үйлесім тапқан татулық пен берекені тілге тиек етіп, қазба байлықтың бізде ғана емес, бүкіл әлемде әділ бөлінбей жатқанын қадап айтты.

Миллиардтан асатын халқын киіндіріп, тойындыратын, БҰҰ-ның мәліметінше кедейлікпен күресті жетпіс пайызға орындаған, пандемияның тұтанған жері болса да, таралу, өлім-жітім көрсеткіші ең төмен болған көршіміздің басшысының індет тарағаннан бергі алғашқы сапарын елімізден бастауы да кездейсоқтық емес, мұқият сараптан өткен жоспар, әрине, еліміздің осыған дейін жеткен табысы мен басшымыздың парасатпен, жанқиярлықпен атқарған жұмысының нәтижесі.

Өтпелі кезеңде жабылған облыстар қалпына келді. Қазақстанның дамуына өлшеусіз үлес қосқан қайраткерлер тиісті құрметке бөленді. Мемлекет пен халықтың талмау жері, нәзік тұсы болып, ашқоң олигрхтар үймелеп алған кеден мен салықтың қызметі реттеліп, бюджеттің түсімі артты. Конституциялық сот қалпына келуде, рейдерлікпен айналысқандар тиісті жазасын алуда. Бірақ, отыз жыл бойы үлкен астаудан жем жеп, қомданған үш ұрпаққа мүдделі кландар тыныш жатқан жоқ,



сабан астынан су жүгіртіп жатыр. Олар ешқашан өз мүддесінен бас тартпайды. Орайлы сәтті күтеді, бірақ, бұл сайлауды олар күткен жоқ. Ордалы жылан есеңгіреп ес жимай тұрғанда, Президенттің кандидатурасын қолдауымыз керек. Таңдаудың тарихи сәті туды. Біздегі басты күнделік – тәуелсіздік! Тәуелсіздік болғанда ғана «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» болады. Оған бастар жолды өзімізбен бірі құрлықта жасап жатқан Азия елдерінің ұлт көсемдері Мұстафа Кемал Ататүрік, Ли Куан ю, Пак Чон хи, Махадыр көрсетіп кеткен. Демократия, кісілік құқық, еркіндік басымдығы қона салатын құс емес. Оның қадіріне жету үшін парасат-пайым, ерік-жігер, кемелденген заң, өскелең сана керек немесе экс-оппозиционер Бигелді Ғабдуллиннің ізімен АҚШ-ты біраз шарлап келген жөн шығар. Өйтпегенде, популисттер мен саяси жалдамалылардың ойыншығына айналып, бармағымызды тістейміз.

Жеті жылда тәуелсіздіктің төртінші он жылдығын тәмамдай бастаймыз. Армандар орындалады. Өркениетті қоғам құру өз қолымызда. Болашақ бүгіннен басталады.

МӘСЕЛЕ

ҚАЗАҚСТАН ЖОЛДАРЫ: САННАН САПАҒА ҚАШАН КӨШЕДІ?

Елімізде республикалық маңызы бар жолдар жайы сын көтермейді. Олардың 50 пайызы ескі. Яғни, барлық 24 мың шақырым жолдың 12 мың шақырымы күрделі жөндеуді қажет етеді. Жалпы, дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингі бойынша Қазақстан жол сапасы бойынша 141 елдің ішінде 93-орында. Бұл Парламент Мәжілісінің Үкімет сағатында белгілі болды.

Жиында Қазақстандағы жол құрылысы мен жөндеу саласындағы өзекті мәселелер талқыланған болатын. Оған орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, «Атамекен» ҰКП өкілдері, «Қазақстан темір жолы», «ҚазАвтоЖол» ұлттық компанияларының басшылары, сондай-ақ, Жол активтері сапасының ұлттық орталығының, Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты мен Қазақстан автожолшылар қауымдастығының өкілдері қатысты. Жиын тізгінін Мәжіліс төрағасының орынбасары Павел Казанцев ұстады. Ол өз кезегінде жол құрылысына қатысты мәселенің өзектілігіне назар аударды. Казанцев мырза жол сапасы еліміздің әр тұрғынын алаңдатып отырғанын, жалпы жолдар – экономиканың күре тамыры, өңірлерді дамытудың ең маңызды шарты және өмір сүру сапасына айтарлықтай әсер ететінін айта келіп, Мемлекет басшысының

тапсырмасына сәйкес, 2025 жылға қарай жолдардың 95 пайызын жөндеп, ретке келтіру қажеттігін атап көрсетті.

Депутаттар алдында Қазақстан жол саласының жай-күйі туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаев баяндама жасап, еліміздегі жол құрылысы мен жөндеу саласының жайы, атқарылып жатқан жұмыстар жоспары жайлы есеп берді. Оның айтуынша, жыл соңына дейін шамамен 1000 шақырым жол пайдалануға беріледі. Қалған 3 мың шақырым жол құрылысы 2023 жылы аяқталмақ. Жалпы, Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында министрлік жол саласына реформа жүргізбек. Осыған орай құзырлы орын автомобиль жолдарының сапасын арттыру мақсатында қолданыстағы заңнамаға бірнеше бағыт бойынша түзетулер пакетін дайындапты. Олар болашақта автожол жобаларын іске асыру кезінде «Саннан сапаға»

қағидатының құқықтық негіздерін енгізуді көздейді. Бірінші, ғылымды, материалдардың электрондық базасын және жаңа технологияларды дамыту. Қазақ жол ғылыми-зерттеу институты базасында жаңа технологиялар мен жол-құрылыс материалдарының бірыңғай базасы құрылды. Қазір карьерлер, битум зауыттары материалдарының сапасы, сондай-ақ, жаңа технологиялар, климат ерекшеліктері, геологиялық және гидрогеологиялық деректер бойынша ақпарат жинақталуда. Аталған институт қозғалыс қарқындылығын, есептік жүктемелерді ескере отырып, әрбір өңір үшін жол төсемдерінің үлгілік конструкцияларын қалыптастыратын болады. Бірыңғай базаның бастапқы деректері жобалау және салу кезінде басшылыққа алынады. Екінші, нормативтік базаны жетілдіру. Бүгінгі таңда Қазақстанда автожол саласында 1200-ден астам стандарттар мен нормативтер бар. Оның ішінде Кеңес Одағы кезінен бастап пайдаланып келген нормативтік құжаттар бар. Реформалау шеңберінде министрлік нормативтік базаны қалыптастыру тәсілдерін өзгертуде. Болашақта ұлттық стандарттарды әзірлеу кезінде ғылыми зерттеулер, зертханалық зерттеулердің қорытындылары, тәжірибелік учаскелер мен пилоттық жобалардың ұзақ мерзімді мониторингінің нәтижелері ескерілетін

болады. Қазақ жол ғылыми-зерттеу институты нормалардың біріздендірілген ұлттық стандарттар мен нормативтік-техникалық құжаттардың нақты бөлінген басымдығы бар. Шамамен 50-70 жетілдірілген құжаттан тұратын нормативтік-техникалық құжаттардың жаңа біріздендірілген жүйесін құруда. Жол саласына жаңа технологияларды енгізуді ескере отырып, оларды жедел өзектендіру жүзеге асырылатын болады. Үшінші, жол жобаларын сапалы іске асыру.

Сөз алған депутаттар жол құрылысы мен жөндеу саласына қатысты орындысын айтты. Мәселен, жиында қосымша баяндама жасаған Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Альберт Рау жоғарыда аталған республикалық маңызы бар жолдардың жарыстығын жөндеуді қажет ететініне қынжылыс білдіре келіп, құзырлы орынның кейбір жоспарларының орындалу мүмкіндігіне күмән келтірді. Мысалы, «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасында 2025 жылдың соңына қарай жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі 100 пайызға дейін ұлғайтылатыны айтылған. Депутаттың айтуынша, бұл мүмкін емес. Өйткені, ұлттық жобادا жарыстығын 40 жобаның 18-ін (45 пайызын) жүзеге асыру тек 2025 жылдан бастап жоспарланған. «2025 жылдың өзінде «Қызылорда – Павлодар – Успен – РФ» тас жолының 398 шақырымдық Қарағанды – Успен – РФ учаскесін жөндеу, «Шалқар – Бозой – Өзбекстан» 242 шақырым тасжолының құрылысы, еліміздің орталығы мен оңтүстігін байланыстыратын Жезқазған – Арқалық жолының кей жеріндегі рейдерлерді жөндеу секілді ірі жобаларды жүзеге асыру міндеті тұр. Бұл іс-шараларды жүзеге асыру мерзімдерін немесе жоспарланған көрсеткіштің өзін қайта қарау қажет дегенді білдіреді. А.Рау мырзаның айтуынша, құрылысқа халықаралық

несиелердің ұзартылуын Есеп комитеті белгілейді. Бұл бағамдық айырмашылықпен пайыздық төлемдер есебінен жоба құнының артуына әкеледі. Мәселен, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жобасы бойынша 2015–2024 жылдар аралығында несие 4 рет ұзартылған. Сондықтан депутаттар уәкілетті орган облыс әкімдерімен және «ҚазАвтоЖолмен» бірлесіп отырып, жоспарланған жол жобаларын уақытылы пайдалануға беруді қамтамасыз етуі керек деп есептейді.

Альберт Рау Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметінде көрсетілген жергілікті жолдардың 80 пайызы қанағаттанарлық деген көрсеткішке де күмән келтірді. Оның айтуынша, зерттеу нәтижесі жергілікті маңызы бар жолдардың 18 мың шақырымында немесе 26 пайызында ғана асфальт-бетон жабыны бар екенін көрсетіп отыр. Ал қалған 74 пайызы киыршық тас, топырақпен жабылған. Ол мұндай жағдайлардың себептерінің бірі – битумының жетіспеушілігі. Мұнай өндіретін елімізде бұл материалдың тапшылығы 2022 жылы 200 мың тоннаны құрайды. Мұндай жағдайда жолдардың сапасын бағалау критерийлерін қиыршық тасты және топырақты жолдарды қанағаттанарлық жағдайдағы жолдар қатарына жатқызу дұрыс емес. Төмен көрсеткіш себептерінің бірі – жолдарды салу мен жөндеудің барлық кезеңіндегі сыбайлас жемқорлық. «ҚазАвтоЖол» ұсынатын Автомобиль жолдары комитеті мен жол саласының бірыңғай операторы атқарылып жатқан жұмыстар мен пайдаланылған материалдардың сапасы бойынша жыл сайын көтерілетін мәселені шешетін кез жетті. Ал, автомобиль жолдары комитеті мен «ҚазАвтоЖол» басшыларының орындалған жұмыс сапасындағы анықталған заңбұзушылықтары үшін жеке жауапкершілігін заңнамалық тұрғыдан бекіту керек.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БАҒДАР

«ТӨЛЕБИДІН» ТАБИҒАТЫ ТУРИЗМГЕ СҰРАНЫП ТҰР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жобаның сыртқы инженерлік-инфрақұрылым сомасы – 3,6 млрд теңгені құрайды. Қазіргі уақытта «Қасқасу туристік-рекреациялық орталығын» салу жобасының бірінші кезеңін іске асыру бойынша жұмыс жүргізілуде (Жобаны іске асыру кезеңі: 2021–2023 жылдар). Жоба жүзеге асырылғанда 5000-ға жуық жұмыс орнын құру күтілуде. Тау шаңғы базасы инвесторлармен бірлесіп салынбақ. Мемлекеттен бөлінген бюджет инфрақұрылымға жұмсалды. Ағымдағы жылға «Қасқасу» туристік-рекреациялық орталығы құрылысына инфрақұрылымдарды, оның ішінде жол, ауыз су жүйелері, подстанция орнату, канализацияның қондырғыларын орнатуға 1 миллиард 800 миллион теңге қарастырылған болатын. Оған Сайрам-Өгем табиғи ұлттық паркінің ерекше қорғауындағы аймақтың бір бөлігінде құрылыс жұмыстары қарқын алды. Жоғары кернеулі электр бағаналары орнатылып, кәріз жүйесі тартылып жатыр. Қалдықты қайта өңдейтін кешен де салынады. Өзірге курорттық базаға аппарат жол тегістеліп, тас төселген. Салаға жауапты мамандардың айтуынша бөлінген 1 миллиард 800 миллион теңгенің басым бөлігі игерілгені.

Ал өзге нысандар инвесторлардың үлесі арқылы бой көтермек. Жалпы, курорт аумағы 2 негізгі аймаққа бөлінген:

- тау шаңғысы инфрақұрылымы бар жоғары базасы (шаңғы трассалары, арқан және дөңес жолдар, көтергіштер, сервистік ғимараттар) 1 910 метрден 3 200 метрге дейінгі биіктікте;

- төменгі база (қонақүйлер, мейрамханалар, аквапарк, ойын, спорт және жаттығу орталықтары) 1600-ден 1900 метрге дейін биіктікте.



Жоба толық жүзеге асқанда 5 мың метрден асатын қанаттық жол, қонақ үйлер, мейрамханалар салынады. Мұнда аспалы арқан жолмен тауға өрлеп, табиғат көркін биіктен тамашалауға мүмкіндік мол болмақ. Алматыдағы «Шымбұлақ» шаңғы базасынан да үлкен әрі заман талабына сай демалыс жобасының құны 21 млрд теңгені құрайды, бірақ жоба авторлары бұл қаржыны 8 жылдың ішінде өндіріп алуға бәсекеге қабілеттілігі мен сапасын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, Түркістан облысының инвестициялық тартымдылығын артты-

руға мүмкіндік береді. Жобаны іске асырудың бірінші кезеңінде келушілер саны 110 мыңнан 140 мыңға дейін артады деп күтілуде.

Өткен жылы Төле би ауданына жыл ішінде 37462 турист келген. Аудан әкімдігі биыл осы межеден асыруды жоспарлап отыр. Ағымдағы жылы осы салаға 237 миллион теңге инвестиция тартылып, 28 жұмыс орны ашылған. Соның бірі «Alma-Tau» тау курортында салынып жатқан қонақ үй және спорт кешені. Жобаның жалпы құны 2 млрд 650 млн теңге. Бірінші Мамыр елді мекенінде «Ауыл – Ел бесігі» жобасының аясында спорттық-сауықтыру кешені және футбол алаңшасының құрылысына 608 млн теңге, оның ішінде биылға 111,4 млн теңге қарастырылуда дейді салаға жауапты мамандар. Бірінші Мамыр ауыл округінде орналасқан «Шипабұлақ» демалыс орнын кеңейтуге – 100 миллион теңге қаржы қарастырылған.

Төле би ауданында туристерді қызықтыратын тау шатқалдары мен демалыс аймақтары ғана емес, сонымен қатар, мұнда емдік-сауықтыру туризмі де дамып келеді. Кең жайлауда шүйгін шөпте еркін жайылып өскен бие сүтінің дәмін татуға құштарлар көп. Әсіресе, Диханкөлдің

киікотымен ысталған қымызын естімеген адам кем шығар. Сонау жетпісінші жылдары бастау алған бизнес қазір де жалғасын тауып келеді. Қырық түрлі дертке ем тіл үйіретін қымызды қазір тіпті өзіміз түгілі, өзге елдерден әдейі іздеп келіп дәмін татады екен. Аудан көлемінен жылына 3 тоннаға дейін қымыз жөнелтіледі.

Бие сүтінде көптеген дәрумендер, микроэлементтер және басқа да биологиялық белсенді заттар мол. Айта кетерлігі, ондағы кейбір микроэлементтер, басқа сүт өнімдерінде кездеспейді. Саумалдың құрамындағы С



дәруменінің мөлшері сиыр сүтінен 7 есеге жоғары. Қазір Еуропа ғалымдарының өзі саумалды емдік және диеталық өнім ретінде пайдалануға кеңес береді. Саумалдың шипалық қасиеті жөнінде ғалымдар оның қырыққа жуық аурудың алдын алатынын жеткізген. Ағзаның ауруға қарсы белсенділігін күшейтеді. Обыр клеткаларына тосқауыл болып, буын ауруларына пайдасы тиеді. Ғалымдардың пайымдауынша, саумал – жеңіл қорытылатын белсенді биологиялық өнім. Сондай-ақ, саумалдың көмегімен, иммунитет жүйесінің қызметін жақсартуға және асқанданның ойық жарасын емдеуге болады. Қазіргі таңда ауданда бірне-

ше саумалмен емдеу орталығы жұмыс істеп тұр. Солардың бірі Диханкөл елді мекеніндегі құны 57 млн теңгені құрайтын «Дихан Тау» саумалы сауықтыру орталығы. Кешен бір мезгілде 25 отбасын қабылдайды. Сондай-ақ, Қоғалы ауылдық округіндегі құны 50 млн теңгені құрайтын жеке кәсіпкер Нұрболат Әбілдаевтің 23 төсек-орынды саумалмен емдеу орталығына да келушілердің қарасы көп. Шілденің шіліңгір ыстығында мұнда туристер тек ағарған ішуге ғана емес сонымен қатар таулы өлкенің саф ауасын жұтуға да ағылуда.

Төле би ауданы балық аулауды ұнататындарды да құшақ жайып қарсы алуға дайын. Себебі, Көксәйек ауылдық округінен бөлінген 3 га жер телімінде «Сақ» демалыс аймағының құрылысы жүргізілуде. Бүгінгі күнге балық шаруашылығы, тамақтану қызметі және сақ моншасы іске қосылған, 4 адам тұрақты жү-

арқылы адамның бойы сергіп, көңілі тыныштанады. Мұнда қаршығаның бір түрі – теңіз денгейінен биіктігі төрт мың метрден (4236 метр) асатын Сайрам шыңы, 2 100 метр биіктікте орналасқан биік таулы Мақпал көлі, Қырыққыз жартастарында билеп тұрған сұлаларға ұқсайтын Қырық қызды тамашалауға болады.

Туристер үшін әр түрлі талғамға және әртүрлі дене шынықтыруға арналған көптеген маршруттар ұсынылады. Саябақтың сұлулығын көруге мүмкіндік беретін 11 тур құрылған. Келушілерге Наутсай және Біркөлік шатқалдарына, Сайрамеу өзенінің алқабына саяхат және Сусынған көліне экскурсия сияқты бағыттар ерекше ұнайды. Тур қонақтары межелі жерге ұзындығына байланысты жаяу немесе атпен жүруі мүмкін.

Табиғат пен құстарды сүйетіндерге «құстар базары» арнайы туры ұсынылады, бұл жеті шақырымдық маусымдық жаяу жүру бағыты. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне жылдың кез келген уақытында келуге болады, мұнда көлік желісі жақсы дамыған. Ең жақын ірі қала – Шымкентке дейінгі қашықтық бар болғаны 70 километрді құрайды. Туристер жоғары деңгейде қызмет көрсететін қонақ үйлерге орналаса алады. Қонақ үйде сізге жергілікті ұлттық дәстүрлерге енгуге, хош иісті шай ішуге, жергілікті тағамдардан дәм татуға және ауыл өмірінің тыныштығынан ләззат алуға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, ауданда бүгінгі таңда туризм бағытында 76 нысандар жұмыс жасауда. Оның ішінде 1 шаңғы база, 4 емдік сауықтыру орындары, 71 демалыс аймақтары мен 64 саяжай келушілерге қызмет көрсетуде.

Туризмнің дамуы – өңірдің гүлденуін білдіреді. Биылғы жылдың 8 айында 29 174 демалушы келіп 586 миллион теңгеге қызмет көрсетілген. Бұл сандардың алдағы уақытта еселене түсетіні анық. Өйткені, туристердің сүйікті мекеніне айналған Төле би ауданында осы бағытта атқарылар шаруалар мол, жоспарлар ауқымды. Ең бастысы, ауданның туристік имиджі жақсы қалыптасып келеді.

Айнұр ОҢҒАРБАЙ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВҚА

БАР ҮМІТІМ – ПРЕЗИДЕНТТЕ!

2022 жылдың 19 мамырында кәсіпкерлермен кездесуде айтқаныңыздай, құқық қорғау органдары тергеушілерінің қиялы бойынша кәсіпкерлерге қатысты қозғалған барлық қылмыстық істерді Бас прокуратура шығыл түрде тоқтатуы тиіс!

ҚР Бас прокуроры Б.Н. Асыллов өзінің 02.09.2022 жылғы №1У\15 нұсқауында кәсіпкерлік субъектілерінің істеріне немесе кәсіпкерлік қызметті заңды түрде жүзеге асыруға заңсыз араласуға және кедергілер жасауға жол бермеу қажеттігін айқын түсіндірген болатын.

Бірақ іс жүзінде біз мынаны көріп отырмыз: сот процесінің алғашқы күнінен бастап жәбірленуші тарап пен жауап алу кезінде куәгерлер «Таразэнергоцентр» АҚ-ның атына бюджеттен ешқашан ақшалай қаражат түспегенін және демеукаржының да, қосымша қаржыландырудың да болмағанын нақты фактілермен растады. Яғни, тиісінше, түспеген ақшаны ешкім жымқырған да жоқ.

Бұл фактіні куәгер, «Жамбыл облысының қаржы басқармасы» ММ басшысының қазіргі орынбасары 25.08.2022 жылы берген жауаптарында растады

және бұрын да, осы күнге дейін де олардың ЖЭО АҚ және «ВВФЕС» ЖШС тараптарына қояр ешқандай талаптарының жоқ екенін айтты. Ал өздері түсірген талап арыздың тергеу органдарының, дәлірек айтсақ, ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің тарапынан жасанды түрде бұрмаланып берілгенін жеткізді. Сондай-ақ, сот процесі барысында облыстық қаржы басқармасының өкілі өз жауаптарында Қаржы мониторингі агенттігіне өздерінің «жәбірленуші тарап» еместігі, ЖЭО АҚ мен «ВВФЕС» инвестициялық компаниялар басқармасы тарапынан ешқандай шартты бұзу фактілерінің жоқ екенін және ешқашан болмағандығы туралы бірнеше рет хат жолдағанын айтты.

Сондай-ақ, куәгер болған «ЭЭК» ЖШС-нің бухгалтері А. Тәуелбекова ЖЭО АҚ алдындағы берешекті (дебиторлық) өтеу фактісін растады. Ал мұның ҚР ҚК 189-бабы 4-тармағы

2-тармағына ешқандай қатысы жоқ!

1 жыл 2 ай уақыт ішінде мен және менің адвокаттарым бірнеше рет бұлтартпау шарасын жұмсарту туралы өтініш білдірдік, бірақ тергеу кезінде де, сотта да тек қана «бас тарту» деген жауап алып келеміз.

Мен 1 жыл 4 ай уақыт бойы жазықсыз абақтыда отырмын, осы мерзім ішінде кәмелетке толмаған кішкентай балаларым әке мейірімін көрмеді, жанұяның жалғыз асыраушысы мен болғандықтан, отбасымның күнкөрісі нашарлап, еш жерде жұмыс жасамайтын, үй шаруасындағы әйелім көп қиындық көруде.

Абақтыда болған кезімде өз елімде тұрып, басыма түскен осыншама шектен шыққан заңсыздық пен шарасыздыққа шыдамай, өз-өзіме қол жұмсауға дейін бардым, бірақ камерадағы тұтқындар мен тергеу изоляторының қызметкерлері бұл әрекетімді жүзеге асыруға жол бермеді. Наразылық ретінде бірнеше рет аштық жарияладым, алайда прокурорлар келіп, жалған үндемен өтінішімді кері алуға мәжбүрледі.

Әкем екеуімді басымызға түскен мына жағдайлар менің жанымға қатты



батты, тіпті не істерімді білмей қалдым. Өзім Қытайдың Пекин қаласында жоғары білім алдым. Елімізді өркендетуге үлесімді қоссам деген жарқын жоспарларым да болған еді. Алайда қазір бәрінен қатты көңілім қалды. Бірақ мен бізді қудалау органдарының арам пиғылдарынан қорғайтын адал да парасатты адамдардың әлі де бар екеніне сенгім келеді және одан үмітімді үзбеймін.

Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Сізден бұлтартпау шарасын «үй қамағына алу» деп өзгертуге ықпал етуіңізді сұраймын. Мен Сізге Ата Заңымыз – Конституцияның кепілі ретінде жүгінемін. Үй қамағы ережелері мен шарттарын бұзбауға уәде етемін. Тезірек отбасыма оралғым келеді. Менің өтінішімді аяқсыз қалдырмауыңызды сұраймын!

Бұлдеш ПАХАТ

МІНБЕР

Қазақстандық судьяның кәсіби қызметіне деген талап ешқашан төмен болмаған. Себебі, судья – мемлекеттегі әділдіктің, тура төреліктің эталоны. Елдегі адам құқығының қорғалуын, азаматтардың бостандығы мен мүддесінің басты орында тұруын сырт көз сот саласында қалыптасқан ахуал мен судьяларға деген сенімге қарап бағалайды. Француз жазушысы Оноре де Бальзак айтпақшы: «Біздің арымыз – ісіне адал судья». Соған орай, судьялықтан үміткерлерге қойылатын талап пен жауаптылық жылдан жылға күшейтіліп келеді.

СУДЬЯҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП ТӨМЕНДЕМЕЙДІ

Сот корпусын кездейсоқ кадрлардан таза ұстау мақсатында енгізілген жаңа талаптардың нәтижесі қазірдің өзінде байқалып отыр. Бұған Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановтың: «Әлсіз, біліктілігі төмен заңгерлердің судья лауазымына жетуінің мүмкіндігі жабылды. 2019 жылға дейін әрбір 4-үміткер судья бола алатын. Ал қазір тек 17-үміткер ғана судья бола алады» деген сөзі дәлел. Яғни, қоғамның сұранысы, мемлекеттің қажеттілігіне сәйкес судьялардың кәсіби біліктілігін, кісілік қасиетін, шеберлік деңгейін көтеру бағытындағы жұмыстар іркіліссіз жүргізіліп келеді. Мұндай ауқымды шаралардың нәтижесі де он болары талассыз.

«Қазақстан Республикасының Сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №132 Конституциялық заңның 28-бабының 1-бөлігінің 2-тармағына сәйкес, судья сот төрелігін іске асыру жөніндегі өзінің конституциялық міндетін орындаған кезде, сондай-ақ қызметтен тыс қарым-қатынаста судья әдебі талаптарын сақтауға және судьяның беделі мен қадір-қасиетін түсіретін немесе оның адалдығына, әділдігіне, объективтілігі мен аламаушылығына күмән туғызатын барлық нәрседен аулақ болуға міндеттейді. Басты бағдар болып отырған бұл заңда қазақстандық судьялардың құқығы мен міндеті толық айықталған. Бұдан бөлек, Судьялық әдеп кодексіне де қазылардың кісілік қасиетіне, әдептік нормасына қатысты заңдық өлшемдер екішөк берілген. Осы талаптың қайқайсысы да судьяның жауаптылығын көтеру арқылы сотқа деген сенімді нығайтуды, мемлекеттің беделін арттыруды мақсат етіп отыр.

Сот жұмысын жандандыру, судья қызметін жаңғырту Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларынан да тыс қалған емес. Былтырғы жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Кадр іріктеудің жаңа жүйесі енгізіліп, сот үдерісі мен рәсімдерінің ашықтығы біртіндеп арта түседі. Бұл ретте, Жоғары сот кеңесі маңызды рөл атқарады. Осы құрылым Президенттің соттарды жасақтау жөніндегі конституциялық өкілеттігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, судьялардың тәуелсіздігіне және оларға ешкімнің қол сұқпауына кепілдік береді» деді. Былғы жолдауында: «Судьялардың дербестігін арттыру үшін Жоғарғы сот кеңесінің мәртебесін нығайтқан дұрыс. Судья болуға

үміткерлерді дайындау, біліктілігін көтеру жұмысы кеңестің құзыретіне беріледі» деп судья кадрларды іріктеу, шындау, көтермелеу бойынша ізденістердің әлі де жалғасатынын алға тартты.

Әлбетте, мемлекеттің атынан төрелік жасап, елдегі әділдік пен қауіпсіздіктің кепілі болған судьялар қауымына жүктелер міндет ешқашан төмендеме емес. Қоғам алға жылжыған сайын бұл үрдіс артпаса, кемімейтіні тағы шындық. Соның ішінде судьялардың әлеуметтік желідегі бет-бейнесі мен жауаптылығына қатысты мәселе әлі күнге дейін басы ашық тұрғанын мойындауымыз керек. Әр судьяның кісілік қасиетіне қатысты қағидаларды белгілеп, қызметтік әдеп нормаларын жинақтаған Әдеп кодексіне де бұл мәселе қамтылмаған. Ал әлеуметтік желілер қазір ақпарат алудың ең кең тараған түрі. Capital.kz сайты келтірген дерекке сенсек, 2021 жылы еліміздің 15 миллион 470 мың тұрғыны әлеуметтік желіні қараған. Зерттеу көрсеткендей, қазақстандықтар күніне орта есеппен 255 минутын әлеуметтік желіге арнайды екен. Бұл үлкен мәселе. Бұрын халық өзіне керек білімді телеарнадан, газет-журналдардан алатын. Ал қазір тұрғындардың 73 пайызы ғаламторды ең бірінші ақпарат көзі деп таниды.

Ал осы бүкіл әлемді шырғауықша қамтыған әлеуметтік желінің сот қызметіндегі орны қандай? Судьяның әлеуметтік желіні пайдалануы тиімді ме, зиянды ма? Бұл сұрақтар судьялардың Әдеп кодексінен сырт қалған. Дамыған елдерді былай қойғанда, бауырлас Украина республикасындағы судьялардың Әдеп кодексіне бұл мәселе жан-жақты көрініс тапқан. 2013 жылы 22 ақпанда қабылданған кодекстің 20-бабында судьяның әлеуметтік желілерге, интернет форумдарға қатысуына және оның интернет желісінде басқа да қарым-қатынас нысандарын қолдануына жол берілетіні, алайда оны пайдалану сот билігінің беделіне нұқсан келтірмеуі керектігі тайға таңба басқандай көрсетілген. Сондықтан Жаңа Қазақстанда судьялардың Әдеп кодексіне өзгеріс енгізіп, онда үшінші билік өкілдерінің әлеуметтік желіге тіркелу, пікір айту, дос таңдау, өз реакциясын білдіру тетіктері толық көрініс табуы тиіс деген ойдам.

Ғабит БАСТАУБАЕВ,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

ТАҒЫМ

ТАРИХ. ТАҒДЫР. ТҰЛҒА.

Биыл академик С.Сартаевтың туғанына 95 жыл. Қазақстанның заң ғылымы дамуының тұтастай бір дәуірі академик есімімен тығыз байланысты.



Сұлтан Сартаев – отандық заң және құқықтану саласын дамытуға елеулі үлес қосқан көрнекті ғалым, қазақ қоғамындағы құқықтық сананың қалыптасуына, елімізде демократиялық құндылықтардың орнығуына атсалысқан білікті заңгер, бүгінгі ұрпақ үшін терең білімге, жаңа идеяларды тынбастан іздеуші әрі оны жүзеге асыруға табанды ұмтылудың шынайы үлгісіне айналған тұлға.

Өткен тарихымызға шынайы жауапкершіліктен қайтып болсақ, дербес мемлекет болып қалыптасу бізге оңайға соққан жоқ. Ел азаттығы, ұрпақ дербестігі жолында талай тарланның тақымында тер кеппегендігі де белгілі. Жекелеген тұлғалар мемлекеттің іргетасын қаласа, енді бірі оны заңдас-тыруға, дүниежүзіне мойындатуға көп күш салды. Сондай тұлғалардың бірі әрі бірегейі заң ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі – Сұлтан Сартайұлы Сартаев болатын. Аталмыш ғылыми атақтардан бөлек баса айтқымыз келіп отырғаны Сұлтан Сартайұлының қазақ қоғамы үшін сіндірген ең үлкен еселі еңбегі «Мемлекеттік Егемендік Декларациясына» қосқан орасан зор үлесі болатын.

Егемендік – мемлекеттің жеке, дербес өмір сүруінің көрінісі әрі белгісі болып табылады, яғни, ел ішіндегі биліктің үстемдігі мен шексіздігі. Халықаралық құқықтық субъектіге ие мемлекет үшін басқа мемлекеттермен қарым-қатынаста тәуелсіздігі мен тең құқылығы. Міне, осы анықтамаға қарап-ақ тұлғаның еңбегі өлшеусіз құндылық екендігіне көз жеткізу қиын емес. Екі ғасырдан астам уақыт бойы қазақтың әрбір ұрпағының арман-ансары осы ұғымның құшағында болғандығы белгілі. Егемендікке жету жолында тарихтың артқан жүгі соншалықты ауыр сын еді. Жоғары кеңестің сессиясында тұңғыш рет қазақ мемлекеттілігінің егемендігі туралы мәселенің қаралуы, сөз жоқ, қоғамдық өмірге де зор ықпал етті. Сөйтіп, қазақ қоғамы советтік сананың елесінен арылып, саналық сілкініс орын алды. Жоғары кеңес «Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияны» 1990 жылы 25 қазанда қабылдады. Қазақстанды жер-жаһанға танымал еткен Декла-

рация өмірге келді. Ел егемендігінің аталмыш құжатпен ресми түрде жариялануы да біз үшін зор құрмет. Сұлтан Сартайұлының өзі айтпақшы: «Мен Егемендік туралы декларация рухына зор құрметпен қараймын. Сабырсыздарды сабасына түсірген бұл құжаттың, сол тұстағы ұлттық және азаматтық белсенділіктің бағасын әлі келер ұрпақ айтатын болады».

Декларацияда бекітілген барлық идеялар мен қағидалар барынша кеңейтіліп, биіктей беретін деңгейде мемлекеттік тәуелсіздік туралы 1991 жылғы Конституциялық заң мен 1993 және 1995 жылғы Конституцияда дәйектенді. Яғни, С.Сартайұлының бұл еңбегі Қазақстанның заңнамалық жүйесінің жаңаша дамуына негіз болды.

Бүгіндері қай қазақтан «Дәмі бітпес, таусылмас тәтті бар ма? – десен, «Бар» – деп батыл айта алады. Ол – тәуелсіздік. Одан биік, одан мәртебелі мұрат жоқ, болмайды да. Арманынан бір сәт айнымаған асыл да, жаны жайсаң қазақ халқы үшін, 16 желтоқсан мәңгі өшпес алтын өріптермен кестеленетін күн болып қалды.

1991 жылғы 16 желтоқсанды еске түсіре келе Сұлтан Сартайұлы өз сөзінде: «Дәл сол күні мен ел Парламентінің депутаты ретінде биік мінберге көтеріліп, тұңғыш рет өзін жасаған «Тәуелсіздік туралы» заңның жобасын депутаттар мен үкімет мүшелері алдында жариялап, «біз бүгіннен бастап тәуелсіз мемлекеттердің қатарына қосылуымыз қажет!» – деген пікірімді ашық білдіріп, осы тақырыпта баяндама жасадым. Арада қанша уақыт өтсе де, мен сол күнгі шексіз қуанышымды ешқашан ұмытқан емеспін» дейді. Қалай қуанбасқа? Заманымыздың заңға тұлғасының іштен шыққан жылы сөздеріне біз де қосыламыз.

Тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің бірі – Ата Заңның болуы. Осы тұрғыда академик Сұлтан Сартайұлы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Конституциямызға өзіндік үлесін қосты. Атап айтсақ, Конституцияның демократиялық құндылықтарын негіздей келе, АҚШ-тың 8 штатында болып Конституцияға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Сол күндердің бірінен қарай отырып, бұл игі істерді

болашаққа жасалған сенімді қадам деп білеміз.

Дәуіріміздің дарабозы Сұлтан Сартаев аса үлкен ауқымдағы ғұлама ғалым еді. Ғалымның ширек ғасыр бойы аянбай еңбек еткен орны ол – «қара шаңырақ» қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті.

Қазақтың «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хағы өлмейді» деген нақыл сөзі осындайда айтылған болуы керек. Аты аңызға айналған Сұлтан Сартаевтың ұлтқа сіңірген еңбегі еселі. Ол кісі тоқсанды алқымдаған кезде де ізденуін тастамай, мол тәжірибесін өзгелерге үйретумен болды. Көкірегінде сана, көңілінде саньлау бар жас үшін ұлы ұстаздың әр дәрісі танымы мол тағылым. Ол өз ісімен өскелең ұрпақтың тәуелсіздіктің парқын терең сезінуіне, кәсіпкерлікке даңғыл жол сала білді.

2022 жылдың 15 қазанында академик Сұлтан Сартаевтың 95 жылдығына орай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де «...Біз конституциялық кеңістікте өмір сүреміз!» академик Сұлтан Сартаевтың саяси-құқықтық көзқарастары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Конференцияның мақсаты – академик С.Сартаевтың мемлекеттік-құқықтық қызметін, оның егемен Қазақстанның, заң ғылымы мен заң білімінің дамуына қосқан үлесін, оның заңдар мен адам құқықтары туралы саяси-құқықтық идеялары мен көзқарастарын ашу болып табылады.

Айтулы іс-шарада академик С.Сартаевтың мемлекеттік-құқықтық қызметі, Қазақстан Республикасының егеменді мемлекет ретінде дамуы үшін конституциялық-құқықтық негіз құруға қосқан үлесі, оның құқықтық мемлекет қалыптастыру, адам және азамат құқықтарын қорғау туралы идеялары және заң ғылымын, заң білімін дамытуға, қазақстандық қоғамның құқықтық мәдениетін қалыптастыруға қосқан үлесі талданды.

Сұлтан Сартаевтың мемлекеттің құқықтық іргетасын қалауға қосқан үлесін, заң ғылымын дамытуға сіңірген еңбегін, ғалымдығын, ұстаздығын хәм қайраткерлігін екі ауыз сөзге сыйдыру мүмкін емес. Тұлғасы мемлекет пен қоғам тарапынан мойындалған оның ғылыми еңбектері мен ел алдында атқарған қызметі алдағы уақытта да түрлі қырынан зерттеліп, уақыт өткен сайын ерекшелене беретініне біз кәміл сенеміз.

Бүгінде Сұлтан Сартаевтың елге сіңірген еңбегін айрықша ықыласпен және терең алғыс сезіммен еске аламыз. Талай заңгер тәлім-тәрбие алған ұлағатты ұстазымыздың асыл бейнесін жүргізімізде, ал оның ғибраты мол тағылымын әрқашан жадымызда сақтау біздің шәкірттік парызымыз.

Эльвира АЛИМОВА,
Жалпы құқықтық пәндер кафедрасы бастығының міндетін атқарушы,
PhD докторы, полиция полковнигі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жалпы, біз Қазақстанның 31 жылдық тәуелсіздігіндегі әрбір оқиғаға мән беруіміз керек. Әрбір тарихи оқиғаны атап өтудің маңызы – болашақ үшін қажет. Өркениетті елдерде республика күні бар. Оларда сонымен қатар алғашқы заң қабылданған күн де аталып өтіледі. Сол секілді Декларация қабылданған күн өз алдына айрықша мереке. Кейбір елдер тіпті, патшасын ауыстырған күнін де тойлап жатады. Олар мұндай оқиғалардың тарихи сананы қалыптастырып, сарабал саясат орнықтырудағы маңызын терең түсінген. Сондықтан бізге де Республика күнінің оралуына үркіп қараудың қажеті жоқ. Керісінше мұндай сәттердің бізге беретін сабағын, мүмкіндігін саралап, ел мұраты үшін пайдалануға ұмтылғанымыз абзал.

– Сіздіңше, қайта оралған мереке қарапайым халыққа не береді?

– Меніңше, бұл тәуелсіздік жылдары алға қойған мақсаттарымызға жете алдық па, неден ұттық, неден қателестік, алдағы бағыт қандай болу керек, басымдық неге жасалу керек деген сұрақтарға жауап іздеп, есеп беру үшін, болашаққа айқын жоспар түзу үшін қажет. Мемлекетіміздің қазіргі жағдайына келетін болсақ, қазіргі таңда әлеуметтік реформалар басталып жатыр. Жалпы, мұндай қадамдар нәтижесіз қалмауы үшін Сіз айтып отырғандай, оларға қажеттілік әлеуметтік, саяси, экономикалық шаралардың нақты өмірмен қабыспалуына, үйлеспеуіне орай туындайды. Қазіргі реформаларға тұртікі болған қаңтар оқиғасы. Бұл дүрбелең бұған дейін де ойластырылғанын Президенттің өзі де айтты. Ол рас. Бұған сенбеуге құқымыз жоқ. Өйткені, Мемлекет басшысы болғаннан кейін оның мемлекетті дамыту жоспары болады. Негізгі бұрынғы жасалған реформаларда ешқандай жетістікке жетпей қалдық, түк жасалмады деп айтуға болмайды. Әр нәрсені өз атымен атауымыз керек. Кейбір замандастар бізді қайталай береді деп сөгіп жатады. Мәселен, шекараның айқындалуын, ядролық қарудан құтылғанымызды мақтаншы етіп айта береді деп ренжиді. Негізінде дәл сол кездегі жағдай аясына қарасақ, осы шаралардың барлығы өзін ақтады деп айтуға болады. Әсіресе, осы екі шешім.

– Қалай ақтағанын тарқата кетсеңіз?

– Мәселен, осы астанамыз болып отырған жерде бұрын бар болғаны 20 пайыздың төңірегінде ғана қазақ болды. Қазіргі жағдай тұрғысынан қарағанда сол күйінде қала беретін болса, астананы көшірмесек қандай жағдай болатынын ешкім болжап білмейді. Әрине, егер былай болса деп шартты раймен айта беретін болсақ, көп мәселені сөз етуге болады. Бірақ бұл геосаяси жағынан да, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан да еліміз үшін ұтымды шешім болды. Мысалы, шекараны бекітпесек, астананы көшірмесек қазір қандай жағдайда болар едік. Ресейліктер онсыз да Солтүстік Қазақстанды біздің жеріміз деп көзін алартып, саясаткерлерін айтақтап отыр. Егер шекарамыз күні бүгінге дейін бекітілмегенде олардың бұл ойы іске асып кеткен болар ма еді. Қазақтың бағына орай дер кезінде жасалған дұрыс шешімнің арқасында өз жерімізге ие болып отырмыз. Сол секілді ядролық қарудан бас тарту да сындарлы қадам болды.

– Керісінше қазір осы ядролық қарудың қажеттілігі сезіліп тұрған жоқ па? Қолданбасақ та, ниеті терістердің мысын басып, сес көрсетіп қою үшін тұра бергені дұрыс емес пе еді?

– Ядролық қаруды сол кезде сақтағаннан оның мамандары жоқ болғандықтан еш пайда жоқ еді. Мысалы Байқоңыр туралы көп айтылады, бірақ оны мамандарсыз қалай асыра алмағандықтан жалға беріп отырмыз ғой. Ядролық қаруға қатысты да осындай жағдай орын алуы мүмкін еді.

– Мамандарды дайындап шығаруға болмау ма еді?

– Иә, оған мүмкіндік бар. Бірақ бізде әлі де көп салада мамандардың жетіспеуі жатқанын білесіз бе? Бізде неге жағдай төмен деп ойлайсыз? Меніңше, мұның бірінші себебі елдегі мықты мамандардың аздығынан дер едім.

– Мықты мамандар жұмыс таба алмағандықтан шетелге кетіп жатқан жоқ па?

– Қандай мамандар кетіп жатыр деп ойлайсыз? Мысалы мен жазда Көлсай, одан ары Қайыңды деген жерге бардым. Онда жол салынып жатыр екен. Осы құрылыстың барысын барлап, зерделей келе оған бөлінген 1 млрд 200 млн теңге далаға кететін болды ғой деп ойлады. Өйткені, онымен нағыз өз ісінің ма-

мандары айналысып жатпағандықтан жол таудың етегіне қарай салынған. Мысалы Әзірбайжандағы Қарабах төбесінен қалаға дейін салынған жолды көрдім. Ауа райының, жер жағдайының барлық ерекшеліктері, қауіпсіздігінің талаптары ескеріліп, төселген. Қар көшкіні кезінде өтіп кететін көпір мен еріген су ағатын арық салынған. Ал, әлгі бізде төселіп жатқан жолдың айналасында арық жоқ. Ертең қар көшкіні болса, оны ағызып алып кетеді де тағы да 1 млрд 200 млн теңге құмға сінген судай болады. Сөйтіп, қайтадан осынша қаржы бөлуге тура келеді. Сол секілді қазір қалалардағы жолдарды қарасаныз кептеліс көп. Олар да сәл жаңбыр жауса су астында қалады. Осының бәрі жол құрылысымен кәсіби түрде айналысатын маман тапшылығының салдары.

– Еңбек нарығын зерттеп, қажетті мамандарды дайындауға не кедергі? Осы мәселені көтеріп, ұсыныстар жасайтын құзыреттеріңіз бар емес пе?

– Біз, әрине, ұсыныс білдіріп жатырмыз. Алайда, сөзімізге құлақ аса бермейді. Гранттар еңбек нарығындағы қажетті мамандықтарға бөлінбей жатыр. Мәселен, туризм саласына 800 грант бөлінді. Біз бұл не үшін қажет деген сауалымызға мардымды жауап ала алмадық. Сол секілді IT-ге қажет-

Дархан МЫҢБАЙ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

«ЖАСТАРҒА ИЕ БОЛА АЛМАСАҚ, МЕМЛЕКЕТКЕ ДЕ ИЕ БОЛА АЛМАЙМЫЗ»

ті мамандар саны асып кетті. Соның қайсысы керек? Оны сараптап, зерттеп жатқан ешкім жоқ. Мұны тиісті министрліктер ескермейді. Бұл мәселені зерттеу үшін осы кәсіптің сарапшысы, немесе жұмыс беретін адам болу керек. Бізде жұмыс беруші мен оқу орнының арасында байланыс жоқ. Сондықтан заңгерлер көп. Ал, олардың көбінің біліктілік деңгейі талапқа сай емес. Негізінде әр саланың заңгері бөлек болу керек. Яғни, денсаулық, мәдениет, өндіріс заңгері секілді олар белгілі бір салаға бейімделіп, дайындалуы тиіс. Ал, бізде бәрі заңгерлік оқып жатыр. Ертең олардың бәрі прокурор мен сот бола ма? Олардың бас-басына мұндай қызмет қайда? Ал, салалар бойынша сауатты заңгерлік көмек көрсететін мамандардың тапшылығынан, кәсіби дайындығының жеткіліксіздігінен түрлі заң бұзушылықтар орын алып жатыр. Мұның барлығы еңбек нарығын зерттеудің салдары.

Сонымен қатар, біздің оқу орындарындағы оқытушы-профессорлық құрамның біліктілігі талапқа сай емес. Мысалы, қазір журналисті дайындай-

Қазір шетке кетіп жатқан жастар көп. Көбісі күнкөріс үшін небір қауіп-қатерге басып тізуге мәжбүр. Қайтып оралуы да екі талай. Бұл өте қауіпті жағдай. Біз жастарымызға ие болмасақ, мемлекетімізге ие бола алмаймыз. Жастарға жұмыс тауып беріп, оларға жағдай жасай алмау – мемлекеттің әлсіздігі.

тын бірнеше факультет бар. Соларға сабақ беретін оқытушылар бар ма? Шыны керек, өз басым, журналистика факультеттерін бітіріп шығып жатқан түлектердің сауатының деңгейіне қарап қарным ашады. Қарапайым грамматикалық ережелерді білмейді. Не оқыған, қалай оқыған деп еріксіз қыныжыласын.

– Сол журналистика факультеттерінде білікті мамандарға орын жоқ. Оларды жолатпайды десем не айтасыз?

– Иә, ол да бар. Журналистика факультеттерінде халықаралық деңгейде білім беретін маман жоқ. Олар өз қазанында қайнап жатыр. Бұл тоқырауға әкелетін жағдай. Жалпы, оқу орындарының рейтингтерін олардың түлектерін сұранысқа ие деңгейімен айқындау керек. Егер толықтай мамандығына сай жұмысын қамтырмаса олар дипломын алған оқу орындарын жауып



тастау керек. Шыны керек, бізде қазір қос-қос дипломмен жұмыссыз жүрген мамандар көп. Өкінішке қарай, олардың қатары жыл сайын көбейіп бара жатыр. Бұл жөнінде үнемі мәселе көтеріп жүрміз. Бірақ онымызға жасалатын уәж сырғыпта болып келеді.

– Мұның сыры неде, құлықсыздық па әлде біліктілік пе?

– Ұрандатқаным емес, бірақ өз басым осының бәрі патриотизмнің жоқтығы деп ойлаймын. Шешілетін және реті келмейтін мәселелер бар. Өкінішке қарай, бізде ешқандай кедергі болмаса да көптеген шаруалар жылдан жылға созыла береді. Бұл патриотизм, ел мүддесіне жанашырлықтың жоқтығын көрсетеді. Реформа дегеннің өзі халықтың талап-тілегін ескеру ғой. Халықтың тілегі орындалу керек. Бұл тұрғыдан келгенде әлі де кемшілік көп. Мемлекеттік органдар өзінің қызметін толық атқарып отыр ма, жоқ па деген сұрақ туады? Мысалы бізде қоғамдық кеңес дегендер бар. Осы ұйымдар өз міндетін ойдағыдай орындап отырған жоқ. Олар негізінде елдің талап-тілегін құзырлы орындарға жеткізіп беру ке-

лекеттік органдардан нақты мәлімет болмаған соң көзін жетпейді. Адамдар мысалы Кореяға қандай жұмысқа барып жатыр? Күнкөріс үшін жай ғана қара жұмыс үшін кетіп жатыр ма? Ол белгісіз. Осының есебін беру, сараптау керек деп Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне сұрау саламыз. Бірақ бір адам бізге нақты мәлімет бере алмайды. Сосын қоғамдық ұйымдардан сұраймыз. Бұл құрылымдар тым болмаса осы шаруамен айналысып, құзырлы орындар алдында мәселе қойса деп ойлаймын. Өкінішке қарай, олардың тарапынан мұндай іске ынтаны, белсенділікті көрмейсің. Расында қазір шетке кетіп жатқан жастар көп. Көбісі күнкөріс үшін небір қауіп-қатерге басып тізуге мәжбүр. Қайтып оралуы да екі талай. Бұл өте қауіпті жағдай. Біз жастарымызға ие болмасақ, мемлекетімізге ие бола алмаймыз. Жастарға жұмыс тауып беріп, оларға жағдай жасай алмау – мемлекеттің әлсіздігі.

– Аталмыш заң жобасында жастарға қатысты толыққанды, тиімді шешім бар деп айта алмаймын. Ұсыныстарымыз қабылданбады. Мен мысалы ажырасуды төмендету жайлы ұсыныс қостым. Бұл мәселені жеке бастың мәселесі деп қарауға болмайды. Өйткені, мемлекет үшін отбасының беріктігі экономикадан да, саясаттан да жоғары тұру керек. Ажырасудың көптігі тұрмыстық жетіспеушілікке ғана байланысты емес. Оған негізгі себеп – моральдық құндылықтардың әлсіреуі. Мені әсіресе, жалғызбалалы аналар тәрбиелеп отырған балалардың болашағы қатты алаңдатады. Мұнымен мемлекет айналысуы керек. Өйткені, олар тәрбиеленген бала әскерге қалай барады, қоғамға қалай кірігеді? Бұл үшін біздегі қоғамдық комиссиялар мысалы ардагерлер, жастар кеңесі, кәсіпкерлер палатасы, әйелдер ұйымы барлығының жұмысын түгел өзгертіп, өмірге жақындату керек. Олардың көбі бүгінде қағаз жүзінде жұмыс істейді. Олар өз айтқандарын құзырлы орындарға өткізе алатын қабілетке ие болу керек. Біліктіліктері жетпейді. Жететіндер оларға жақындай алмайды. Оның құрамына жағымпаздық жүргендер өтеді. Бұдан қоғамдық ұйымдардың жұмысы, әрине, алға баспайды. Бұл ұйымдар кеңестік жүйенің жұрнағы болып тұр. Жалпы, кез келген елдегі өзекті мәселелер қауымдастық арқылы шешіледі. Барлығы ол қауымдастықтың пікірінен қайымағы. Ал,

құндылықтарға құрметіміз артады, жауапкершілікті сезінеміз. Ал, бұл көп мәселенің шешімі. Нақ осы сезімдердің жетіспеуі бізді арзан бедел, жалған атақ, мансап жолындағы күйкі тірліктерге жегуде. Нағыз ел мұраты, халық мүддесі үшін қажет мәселелерден сырт қалдырып жатыр. Негізінде сананы өзгертуде табан тірейтін тұғыр – отбасы. Отбасы жақсы болса, мемлекет те жақсы болады.

– «Сананы тұрмыс билейді» дегендей, мына қымбатшылықтан отбасының жағдайы сананы ойлауға мұрша бермей тұр дейтіндерге не айтасыз?

– Сананы тұрмыс емес, орта билеп тұр. Өйткені, сіздің қызыңыз құрбысының машинасын, менің балам көршісінің үйін көріп, бәсекелесетін уақыт болып тұр. Адамның санасына орта осылай әсер етіп жатыр. Әйтпесе, наны бар, киімі бар. Бірақ оған қанағаттанбайды. Мұның бәрін сапалы білім реттейді деп ойлаймын. Білім болғанда тәрбиенен астасқан білім. Өкінішке орай, бізде осы жағы кемшіл. Тәрбие құндылығынан алшақтап кеттік. Қазір мектептерде тек білім бағаланады. Ұстаздарымыз тіпті балаларға қатты сөйлеуге қорқады, олар әшейін кезекші қарауыл сияқты. Кезінде молдаларға ауыл болып жағдай жасаған. Мысалы менің аталарым молдаға өз үйін берген. Жақсы мұғалімді ұстап, балаларды соларға беріп, оқытуға ұмтылған. Қазір осы үрдістен, мұғалімді пір тұтқан құрметтен ажырап қалдық. Қит етсе мұғалімді жиналып, оларды оқушылардың алдында жығып беруге дайын тұратын болдық. Бұл өте қауіпті үрдіс.

– Қазір мысалы мемлекеттік тіл мәселесі өзекті болып тұр. Осы да тәрбие ісіндегі кемшілікпен десек не айтасыз?

– Өте дұрыс айтасыз. Десе де ең басты кінә қажеттілік жоқ болып тұр. Бұдан арыламыз деп ойлаймын. Егер бұған келмесек онда мемлекеттің де болашағы болмайды. Онда біз әлдебір қауымдастықтың бір бөлігіне айналамыз. Жалпы, мемлекеттің тіліне сенбейтін адам, өз болашағына да сенбеуі керек. Мемлекеттік тілді қажеттілікке айналдыру үшін соттың тілі қазақша болу керек деп ойлаймын. Өзінің қамы үшін соттасу қажеттілігі қалайда қазақ тілін үйреніп алуға алып келеді. Осындай тетіктер іске қосылса, мемлекеттік тіл өз мәртебесіне сай қоғамнан орын алады деген сенімдемін.

– Уақыт тауып, пікірлескеніңізге рақмет.

бізде азаматтық қоғамның үні естілмейді. Олардың арасында бірлік жоқ. Өткенде бір журналист «кез келген қоғамдық ұйымды құрып берсең оны мемлекеттік ұйымға айналдырып алады деп жазыпты. Бастық болады, хатшысын қояды, көмекшісін тағайындайды. Сосын сонысына маз бағай жүреді» депті. Расында солай. Мұның барлығы санаға келіп тіреледі.

– Оны қалай көтереміз? Сана жетпесе заңды қатайту керек шығар? Бәлкім осы қоғамдық ұйымдарға талаптарды күшейтетін заң өлшемдері қажет болар?

– Бізде осылай кез келген мәселеде заңды қатайту керек деп жатады. Мысалы, сізге анаңызды сүю үшін заң керек пе? Оған адамның санасы болу керек. Біз тек заңға сүйенбеуіміз керек. Сананы көтеруіміз керек.

Мен бұл тұрғыда рухани жаңғыру бағдарламасын айтсам, кейбір замандастар күлетін болар. Шын мәнінде бұл өте дұрыс көтерілген мәселе, дер кезінде жасалған бағдарлама еді. Өкінішке қарай, оны әр нәрсеге теліп, құнын қашырып жібердік. Негізінде рухани жаңғыру дегеніміз өз тарихыңды, дәстүріңді ұмытпау, салт-сананды жаңғыртып, насихаттау. Осы арқылы біз парыз бен қарыз ұғымдарын түсінеміз,

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

САРАП

ТЕМІР ТОРҒА ТЕЛМІРГЕН ТАҒДЫРЛАР

Алматы қаласының қақ ортасында орналасқан республикадағы жалғыз балалар колониясы сыртынан қарағанда еп-елеусіз ғимарат. Жан-жағын Хрущев кезіндегі үш-төрт қабатты үйлер қоршаған балалар «түрмесі» ең алғаш 1941 жылы салыныпты.



2011 жылдан бастап Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мекемелерді онтайландыру жоспарына сәйкес Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары мен Ақтөбе қаласындағы тәрбие колониялары қайта құрылып, жоғарыда аталған өңірлерден көмелетке толмаған сотталғандар Алматы қаласындағы мекемеге ауыстырылды. 1990 жылдардың аяғында мұнда бір мыңға жуық балалар ұсталыныпты. Соңғы бірнеше жылдан бері «Түрмедегі халықты азайтудың 10 қадамы» бағдарламасына сәйкес, қылмыстық заннамаларды ізгілендіру жұмысы жүргізіліп келеді. Осыған орай қылмыс жасаған балаларды бас бостандығынан айыру жазасына емес, балама жазаларға кесетін болғандықтан аталған балалар колониясында тек ауыр және аса ауыр қылмыстар, нақтырақ айтқанда адам өлтіргендер мен әйел зорлаған жасөспірімдер ғана жазасын өтейді. Қазір аталған колония 110 орынға арналған. Біз барған кезде жазасын өтеп жатқан жасөспірімдер саны 43 екен. Оның ішінде аса ауыр қылмыс жасағаны – 31, ауыр қылмыс жасағаны – 12.

Иә... аса ауыр қылмыс жасап, мойнына адам қанын жүктеген осы бір сұпсұр киммен жүрген балалардың жүзіне қарасаң, қанша жерден қылмыскер болса да бәрібір балалықтың бейқұна лебін көресің. Мұндайда моп-момақан бала өз қолымен бір өмірді қырышынан қиды дегенге сенгің де келмейді. Олармен сөйлесе қалсаңыз көбі балалықпен қылмыс жасағанын, төбелес кезінде өлтіріп қойғанын айтады. Өкініш пен өксікке толы әңгімелерден түйеріңіз – қылмыс жасағандардың дерлігі толық емес отбасының балалары, мүлде жетім балалар да бар. Өмірге келген ұясындағы теңсіздіктің тегеуріні жүрегіне мүң болып қатып, аяғында қатал тағдырдың темір торында тұншыққан қайран жастыққа жаңың тебіренеді.

Осындай қырықтан астам тағдырдың өксігімен тербелген ғимараттың табалдырығын аттаған сәттен-ақ санаңыздағы «түрме өмірі» деген сан алуан күдік ыдырап жүре береді. Ауыр қозғалатын темір есіктердің бірнешеуінен өткен соң тал-көрегі жайқалған кен ауланың ұқыпты көрінісіне сүйсінбей қалмайсыз. Кірген бетте кеңестік педагог және жазушы Антон Семенович Макаренконың ескерткіші бірден көзге түседі. КСРО аумағында алғаш рет 1921

жылы Полтава маңындағы Ковалевка селосында көмелетке толмағандарға арналған еңбек колониясын құрған А.Макаренконың ескерткіші ХХІ ғасырдағы тағдыры темір тормен шегенделген ұрпағына дұрыс жол сілтеп тұрғанды.

Сотталған балалар жаз бойы колония ауласын небір алқызыл гүлдерге толтырса, қыста қардан түрлі мүсіндер жасайды.

«Нағыз асыр салатын жаста бас бостандығынан айырылу бала психологиясына өте ауыр салмақ екені сөзсіз. Балалар колониясына келген әр бала бірінші кезекте 15 күн карантин бөлімінде ұсталады. Бұл жерде баланың бүкіл денсаулығы, жеке басы тексеріліп, созылмалы аурулары анықталады және жаза өтеу тәртібі түсіндіріледі. Бірінші кезекте баламен психолог жұмыс істейді. Өйткені, соттың үкімі шығып, одан бізге келгенше бала психологиялық ауыр жағдайды бастан кешеді. Сол үшін психологтың жұмысы арқылы біз «бас бостандығынан айырылуыңда өткініш екенің, болашаққа жарқын көзбен қарап, мақсат қойып, соған жету үшін тырысу керек екенің» ұқтырамыз. Сонымен қатар, баланың неге бейім екенін және мінезіндегі ерекшеліктерді анықтаймыз. Осындай дайындықтардан өткен соң ғана жасақтағы балаларға қосамыз. Балалар колониясындағы жұмыстың негізгі бағыты – тәрбие. Біздің мақсатымыз – жазалы жасөспірімдерді жасаған қателіктерінен сабақ алып, қоғамға пайдалы азамат етіп қайтару» – дейді Алматы қаласы ҚАЖД №11 мекемесінің бастығы әділет подполковнигі Мирас Толубаев.

Мекемеде жазасын өтейтін балалар екі жасаққа бөлінген, ұстаудың жеңілдетілген жағдайлары жасағында 21 бала, қарапайым ұстау жағдайлары жасағында 22 бала бар екен. Таңғы 6-дан кешкі 22-ге дейінгі әр сағаты алдын ала жоспарланған жасөспірімдердің демалуға, кітап оқуға да уақыттары бар. Жазалы балалар орта білімді мекеме аумағындағы №3 жалпы білім беретін қалалық мектептің бөлімшесінен алады. Мектепте жоғары білімді 11 мұғалім сабақ берсе, биыл осында 36 сотталған бала білім алуда. Мектеп бағдарламасын аяқтағаннан кейін олар жалпы орта білім туралы аттестат алады. Аттестатта мектептің түрмеде орналасқаны көрсетілмейді.

Көмелетке толмағандардың белгілі бір кәсіпті меңгеруі олардың болашақта

дұрыс жолға түсуіне бірден бір себеп. Аталған мекемедегі кәсіптік мектепте қазір балалар механикалық құрастыру жұмыстары бойынша слесарь, металл жонушы, ағаш ұстасы сияқты үш мамандық бойынша оқытылады. Алты айлық оқу курсы бітіргендерге разряды көрсетілген мемлекеттік үлгідегі куәлік беріледі. Балалардың өздерінің жаза өтеу мерзімдеріне қарай осы үш мамандықты да игеруіне мүмкіндіктері бар. Аталған мамандықтардың сұранысқа ие екенін ескерсек, жазасын өтеп шыққан балалардың жұмысқа орналасуына да мүмкіндігі мол.

Тал бесіктегі тәрбиесі кемшін балалардың мұндағы тәрбиесімен арнайы тәрбие бөлімі айналысады.

«Колониядағы балалардың ешқайсысында бей-берекет жүретін уақыт жоқ. Тек демалысқа бөлінетін бірнеше сағат ішінде ғана олар өздерінің көңілі сүйген іспен айналысады. Біреулері кітап оқиды, біреулері шахмат-дойбы ойнайды. Музыкамен әуестенетіндер де бар. Мекемеде өткізілетін түрлі іс-шараларға дайындалады. Қалған уақыттарында әрқайсысы өзіне жүктелген жұмыстарды атқарады, мектептегі, колледждегі сабақтары бар. Осының бәрі тәрбиенің түрі. Биыл мысалы жақсы мінез-құлқы мен еңбекке, оқуға деген адал көзқарасы, оқу-тәрбие жұмыстарына белсене қатысқаны үшін 53 бала ынталандырылды. Бұл олардың шартты түрде мерзімінен бұрын босауларына ықпал етеді.

Сотталған балалардың әрқайсысының жан-дүниесіне үңіліп, олардың мұңын бөлісіп, досындай сырласа жүріп тәрбиелейсің. Өйткені, көбісі жаңысында өзіне деген махаббатты сезінбеген балалар. Сондықтан да олардың анасының орнына ана, әпкесінің орнына әпке болуға тырысасын. Тіптен, жаза мерзімі аяқталып, бостандыққа шығып бара жатқанда бізге деген қимастық сезімін де білдіретін балалар бар.

Олардың әрқайсысының болашағына бақыт тілеп шығарып саламыз» – дейді тәрбие бөлімінің бастығы Алма Бәзілбаева.

Иә... ойнақтап жүріп от басқан бала тағдырларды тәрбиелеу оңай емес. Ата-анасынан, бауырларынан жырақтау, істеген қылмысы үшін өкіну бала жанына жара салмай қоймайды. Еркіндікте жүрген балаға түрме тәртібіне бағыну да күйзеліс. Жасөспірімнің колониядағы ең жақын жанашыры – жасақ бастығы. Жасақ бастығы – сотталған баланың жан-дүниесіндегі арпалысты аңдап, оны өз жанына жақын тартып, мейірімін төгіп жүретін маман. Ал мұндай міндетті мінсіз атқару кез келген адамның қолынан келе бермейтіні айдан анық. Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты №11 мекемесіндегі осындай жанашыр жанның бірі – Бекзат Жақанов. Әділет капитаны Бекзат Жақанұлы 2017 жылдан бері жасақ бастығы болып қызмет атқарады. Өзінің жасағындағы әр балаға қамқор болу, олардың жаза өтеу тәртібін бұзбай, керісінше мекемедегі түрлі іс-шараларға белсене қатысып, ертерек бостандыққа шығуларына жігерлендіретін де, жетелейтін де – Бекзат Жақанов.

«Темір тордағы балалардың тағдыры әртүрлі. Ата-анасы бар, отбасындағы жағдайы жақсы балалар да бар. Басым бөлігі анасының ғана тәрбиесін көрген балалар. Ер баланың тәрбиесі әйел адам үшін оңай емес екенін осы колонияда қызмет істейтіндер жақсы біледі. Мен баласы үшін отқа да, суға түсіп жүрген әйелдер туралы айтып отырмын. Ата-анасы ішіп кеткен немесе анасы басқа ер адаммен тұратын балалар көп. Тіптен, ата-анасының кім екенін білмейтін балалар да бар. Өтпелі жастағы баланың қылмысқа ұрынуы олардың тағдырын тас-талқан етіп, болашағын да бұлдыру сағымға айналдырады. Ол сағымның ішінен

адаспай өз жолын табуына көмектесу, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу – біздің парызымыз. Міне, біздің колония осындай тағдырлар тоғысқан жер.

Жасақ бастығы баланы таңертең төсегінен тұрғызып, кешке ұйқыға жатқанша жанынан табылатын маман. Оқуын қадағалап, бос уақытын өзіне пайдалы етіп өткізуге бағыт береміз. Тіптен, тамақтануына дейін қадағалаймыз. Таңертең әр баланың көңіл-күйін бағамдау да маңызды. Балалардың үйінен жайсыз хабар алуы немесе ата-аналарының, туыстарының ұзақ уақыт хабарласпауы баланың көңіл-күйіне қатты әсер етеді. Сондықтан кездесуге келген туыстарымен де жеке әңгімелесеміз, түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз», – дейді жасақ бастығы әділет капитаны Бекзат Жақанов.

Біз асханаға кіргенімізде де аспап апайларына көмектесіп зыр жүгіріп жүрген балаларды көрдік. Тамақ мәзіріне көз салғанымызда балаларға берілетін тамақтың түрі де көп екен. Жас ағзаға қажетті жеміс-жидек пен ет өнімдерінің түрлері де ас мәзірінен орын алған. Мекемеде 17 сотталған ақылы еңбекке тартылған. Мекеме ішінде «Ақниет үміті» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің тігін цехы жұмыс істейді.

Алматы қаласы бойынша ҚАЖ департаментінің №11 мекемесінде жұмыс барысында жиі жол түсетіндіктен, көзтаныс балалардың барлық өміріне куә боламын. Әсіресе, мерекелік және спорттық іс-шаралар кезінде жазалы жасөспірімдердің жүздерінен өмірге деген құштарлықты көргенде Абай атамның «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім заман болса, оның заманда-сының бәрі кінолі» деген сөзі ойға оралады. Жаһандану деп жар салып жүрген қазіргі заманда жақсы үрдіспен бірге, адамды аздыратын да, заманды тоздыратын да қилы-қилы әдеттердің белен алып бара жатқаны жасырын емес. Жасөспірім шақтарында темір қоршауда жабығып жүрген балалардың көбі заманның осындай кері көріністерінің құрбаны десе де болады.

Тағы да данышпан Абайға жүгінесек «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?». Жазалы балалар да қыс-тағдырының артынан жадырап жаз-тағдыры келетініне сенеді. Өйткені, олар мекеме кітапханасындағы Абай аталарының кітаптарын жиі оқиды.

Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ,
журналист

ЖАРНАМА

БАНКРОТТЫҚ

17. Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 19.10.2022 ж. Ұйғарымымен «Экспортно-импортная компания Азия Логистика» ЖШС-нің (БСН 110540002889) банкроттығы туралы іс қозғалды. Кредиторлардың талап-шағымдары 20.11.2022 ж. дейін мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 64/47, Уалиханов көшесінің бұрышы, 807 кеңсе, тел.: 87017460475, эл.пошта: i-azl2019-m@mail.ru.

ӨРТҮРЛІ

3. «Investment Finance Group» Арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларға 15 қазан 2022 жылы Серіктестіктің қатысушылары Серіктестіктің облигацияларын сату жөнінде шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Облигациялардың түрі – дисконтты, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген. Шығарылымның тіркелген күні: 2022 жылғы 28 қыркүйек. Шығарылған облигациялар саны – 240 000 (екі жүз қырық мың). Облигациялардың жалпы көлемі – 240 000 000 (екі жүз қырық миллион) теңге. Егер сіз облигацияларды сатып алғыңыз келсе, өтінімдерді Серіктестіктің мына электронды пошталарына тоosfinvestment@mail.ru немесе Серіктестіктің мына мекенжайына жіберіңіз: Қазақстан Республикасы, 050000, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

4. «СӨТТІЛІК FINANCE» шағын қаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 120440017627, заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. Жана мекенжайы: Алматы қаласы, Қашғар көшесі, 69 үй, 18 пәтер. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына телефон бойынша қабылданады: 8 777 007 22 29.

5. «Жаңғырту 2013» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 130640015898, Бөкейордасы ауданы, Сайхын ауылы, Т.Жароков көшесі, №31 ғимарат мекенжайы бойынша орналасқан, Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 4 шілдедегі №121 қаулысына сәйкес, Орал қаласы, Желтоқсан көшесі, 6/1 мекенжайында орналасқан «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, БСН 090240006249, қосылу арқылы кәсіпорынның қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Сонымен бірге, «Жаңғырту 2013» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құқықтары мен міндеттері өзгеріссіз толығымен «Орал Құрылыс Жөндеу Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне өтеді. Барлық сұрақтар мен шағымдарды «Жаңғырту 2013» ЖШС-не беруге болады. Мекенжайымыз: Бөкейордасы ауданы, Сайхын ауылы, Т.Жароков көшесі, №31.

6. «Бәйтерек ауданы әкімдігінің «Достастық» ЖШС (БСН 120540012253) Қазақстан Республикасы Азаматтық коллективінің 48-бабының 1-тармағына сәйкес, «Орал құрылыс жөндеу сервис» ЖШС-не, БСН 090240006249, қосылу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар осы хабарлама жарияланғаннан бастап екі ай ішінде Орал қаласы, Желтоқсан көшесі, 6/1 мекенжайы бойынша қабылданады.

8. Павлодар облысының әкімдігі, Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Г.Сұлтанов атындағы Павлодар облыстық ауруханасы» КМК қайта құрылуына байланысты, БСН 990240004445, ШЖҚ «№1 Павлодар облыстық перинаталдық орталығы» КМК-ның бөліп, қуру жолымен қайта құрылуы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Павлодар қ., Щелдрин қ., 63 мекенжайы бойынша қабылданады. Қабылдау бөлмесінің телефоны: 87182-50-05-50.

11. «Jan De Nul Kazakhstan» (Ян Де Нул Казахстан) ЖШС, БСН 160840000357, жарғылық капиталының 6,706,542,100 (алты миллиард жеті жүз алты миллион бес жүз қырық екі мың жүз) теңгеден 4,406,542,100 (төрт миллиард төрт жүз алты миллион бес жүз қырық екі мың жүз) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сарайшық көшесі, 11 үй, н.п. 2.

19. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 13 шілдедегі №163 «Жергілікті атқарушы органдардың құрылымы және штат санының лимиті туралы» қаулысына сәйкес, «Шығыс Қазақстан облысының дін істері басқармасы» ММ «Шығыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы» ММ-не қосылу жолымен қайта құрылады.

Сол себептен «Шығыс Қазақстан облысының дін істері басқармасы» ММ-нің қызметінің тоқтатылғаны туралы хабарлаймыз (БСН 130740015465, Карл Либкнехт көшесі, 19).

21. «Basel» сактандыру компаниясы АҚ (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050059, Н. Назарбаев даңғ., 244 А, БСН 940440000910) алдағы уақытта қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сактандыру (қайта сактандыру) шарттары бойынша сактандыру портфелін (міндеттемелерін) беруі туралы хабарлайды.

«Basel» сактандыру компаниясы АҚ-ның Басқармасы сактандыру портфелін беру туралы шешімін 20.10.2022 ж. қабылдады (Басқарма отырысының 20.10.2022 ж. №20 хаттамасы).

25. Алматы қаласы МАЭС-ның 14.10.2022 ж. шешімімен «Стеллажи. kz» ЖШС-не қатысты, БСН 140440021619, оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалып, сот отырысы 01.11.2022 ж. Сағат 11:30 тағайындалды. Мекенжайы: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 2736.

26. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 910 қаулысы «QazBioPharm» ұлттық холдингі» акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы» қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Масғұт Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (БСН 191140016396) қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050054, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Жахангер к-сі, 14 үй, тел.: 8 (727) 223-38-21, 223-39-39.

Сактандырушы-сатып алушыны таңдау туралы хабарлама

«Коммекс-Өмір» Сактандыру компаниясы» АҚ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 22.1.2019 ж. берген «жалпы сактандыру» саласы бойынша сактандыру (қайта сактандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына №2.1.63 Лицензия, келесі мекенжай бойынша орналасқан: Алматы қ., Наурызбай батыр көш., 19, тел.+7 (727) 244 74 00, +7 701 244 74 00, «Сактандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 ж. № 262 қаулысының талаптарын орындау үшін «Коммекс-Өмір» СК» АҚ сактандыру (қайта сактандыру) шарттары бойынша, оның ішінде қолданылу мерзімі өткен, олар бойынша «Коммекс-Өмір» СК» АҚ сактанушылар (сактандырылушылар, пайда алушылар, қайта сактанушылар) алдында міндеттемелері болатын немесе болашақта міндеттемелердің туындау ықтималдығы бар сактандыру (қайта сактандыру) шарттары бойынша қабылданған тәуекелдер бойынша «Коммекс-Өмір» СК» АҚ міндеттемелерін тұратын сактандыру портфелін сатып алушы-сактандырушыны таңдау туралы хабарлайды.

«Коммекс-Өмір» Сактандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің 22.10.2022ж. №43 хаттама шешімімен қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сактандыру бойынша сактандыру портфелін қабылдайтын сактандырушы «Сентрас Коммекс Life» Өмірді сактандыру компаниясы» АҚ таңдалы.

«Сентрас Коммекс Life» Өмірді сактандыру компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 ж. №262 қаулысымен белгіленген барлық критерийлерге сәйкес келеті.

2022 жылдың 1 қарашасынан бастап сактандыру шарттарын жасасу және орындау мәселелері бойынша сактандыру портфелін қабылдаған сактандырушыға – төменде көрсетілген байланыс деректері бойынша «Сентрас Коммекс Life» Өмірді сактандыру компаниясы» АҚ-ға жүгіну қажет.

«Сентрас Коммекс Life» Өмірді сактандыру компаниясы» АҚ «өмірді сактандыру» саласы бойынша сактандыру қызметін жүзеге асыруға құқық беретін, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 11.10.2022ж. №2.2.7 лицензиясы бар, ол келесі мекенжайы бойынша орналасқан: Алматы қ., Наурызбай батыр көш., 19, тел.:+7 (727) 244 74 00, www.ckl.kz

18. «Шығысэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органың орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2) өз қатысушыларын Серіктестіктің Атқарушы органының шешіміне сәйкес, 2022 жылғы 29 қарашада сағат 11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2 мекенжайы бойынша «Шығысэнерго» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу 2022 жылғы 29 қарашада аталған мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқықтары бар қатысушылардың тізімі 2022 жылғы 28 қарашадағы жағдай бойынша жасалды.

Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілген:

«Шығысэнерго» ЖШС жарғылық капиталын өсіру туралы.

Бірінші жиналыста қворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2022 жылғы 6 желтоқсан.

